



Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ

**2024 жылғы қараша айына
АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ**



АСТАНА 2024

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес қараша айының қысқаша климаттық сипаттамасы	5
Қараша айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	6
2024 жылдың қараша айында күтілетін орташа айлық температурасының мөлшерден ауытқуы.....	7
Қараша айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма)	7
2024 жылдың қараша айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы	8
Қараша айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма)	8
2024 жылы Қазақстан аймақтары бойынша қараша айында күтілетін орташа ауа температурасы	9
Ауа райының облыстар бойынша графигі	10
2024 жылдың шілде айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы	12
Батыс Қазақстан облысы	12
Атырау облысы	13
Маңғыстау облысы	14
Ақтөбе облысы	15
Қостанай облысы	16
Солтүстік Қазақстан облысы.....	17
Ақмола облысы	18
Павлодар облысы	19
Ұлытау облысы	20
Қарағанды облысы	21
Абай облысы	22
Шығыс Қазақстан облысы	23
Қызылорда облысы	24
Түркістан облысы	25
Жамбыл облысы	26
Алматы облысы	27
Жетісу облысы	28

АЛҒЫ СӨЗ

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ көпжылдық мәліметтер бойынша айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

Айлық ауа райын консультативтік кеңес ретінде пайдалану керек. Айлық ауа райын пайдаланған кезде, кейде ауа райының жүріс бағыты 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сонымен қатар айтылған ауа райы құбылыстарының қарқыны біршама ауытқуы ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мүмкін екеніне ескеру қажет. Айлық ауа райы болжамдары 30-31, 10, 20 күндері онкүндік болжамдар арқылы нақтыланып отырады.

Ауа райының айлық болжауын шығару мен оны анықтауға байланысты барлық мәселелер бойынша Гидрометорталықтың мына мекен-жайы бойынша хабарласуыңызды өтінеміз: 010000, Астана қ. Мәнгілік Ел көшесі 11/1.

Құрастырған АРҰМББ 2 - санатты инженері: Саркулова А.

Аударған - АРҰМББ жоғары санатты техник: Масалимова Г.

тел. (7172) 79-83-95

Гидрометорталық директоры



М. Шмидт

АРҰМББ басшысы



Ж. Исабекова

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес қараша айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Қараша - қыс алдыңғы кезеңнің айы. Қазаннан қарашаға дейін ауа температурасының айтарлықтай төмендеуі байқалады. Республика аумағының басым бөлігінде ол 7-10°C-қа, ал қиыр солтүстік-шығыста 12-14°C-қа төмендейді.

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның оңтүстік аймақтарында +1+6°C, ал қалған аумақта -1-8°C дейін суық болып қалады. Кейбір жылдары орташа айлық ауа температурасы кең ауқымда өзгеруі мүмкін. Өте суық жылдары нормадан 10-11°, ал оңтүстік облыстарда 6-9° төмен болуы мүмкін. Өте жылы жылдары нормадан 5-9° есе жоғары.

Республиканың солтүстігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 0° жоғары тәулік саны 4-5 тәулікті, оңтүстік облыстарда 15-20 тәулікті құрайды. Ауаның орташа тәуліктік температурасының ауысуы -5°C арқылы солтүстік облыстарда бірінші онкүндікте, -10°C арқылы үшінші онкүндікте байқалады.

Ауа температурасының абсолютті минимумы республиканың солтүстігінде, орталығында, шығысында және оңтүстік-шығысында -38-49°C, қиыр шығыста -50°C, батысында және оңтүстігінде -29-39°C дейін жетуі мүмкін.

Ауа температурасының абсолютті максимумы солтүстік және шығыс облыстарда +14+24°C, оңтүстік-шығыста +26+29°C, оңтүстікте +28+32°C жетуі мүмкін.

Қазаннан қарашаға дейін республиканың солтүстігінде, сондай-ақ шығыс пен оңтүстік-шығыстың таулы және тау бөктеріндегі аудандарында айлық жауын-шашын азаяды, ал қалған аумақта, керісінше, көбейеді.

Жауын-шашынның ең аз мөлшері 7-10 мм республиканың оңтүстігіндегі шөлдер аймағында түседі, ең көп мөлшері 40-50 мм-ге жетуі мүмкін, жекелеген аудандарда - Қазақстанның оңтүстігі, оңтүстік-шығысы мен шығысының таулы және тау бөктерлі аудандарында 52-126 мм байқалады, қалған аумақта жауын-шашын мөлшері 12-ден 35 мм-ге дейін жетеді.

Қараша айында жауын-шашын жаңбыр түрінде де, қар түрінде де түседі. Республиканың солтүстігінде жаңбыр жауатын тәулік саны орта есеппен 2-3 тәулікті құрайды, ең көбі - 7-10 тәулік. Қазақстанның оңтүстігінде қар жауатын тәуліктің орташа саны 1-2 тәулікті, жекелеген жылдары 6-8 тәулікті құрайды.

Жауын-шашын мөлшері 0,1 мм-ден асатын тәуліктің жалпы саны құрғақ жылдары 1 - ден 5 тәулікке дейін, ал артық ылғалдылығы бар жылдары - солтүстікте 20-дан 22 тәулікке дейін және республиканың оңтүстігінде 12-ден 15 тәулікке дейін ауытқиды.

Қараша айында қар жамылғысы пайда болады және орнығады. Солтүстік және шығыс облыстарда қар жамылғысының пайда болу уақыты әдетте қарашаның ортасына, Қазақстанның орталық бөлігінде айдың екінші жартысына келеді. Алайда, кейбір жылдары солтүстікте тұрақты қар жамылғысы 09-12 қазаннан әлдеқайда ертерек пайда болады, бірақ оның

01-02 қаңтарда өте кеш орнығу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Оңтүстік облыстарда тұрақты қар жамылғысы орнығуының ең ерте мерзімі – 11-23 қараша.

Республиканың солтүстік және шығыс облыстарындағы қар жамылғысының биіктігі 5-10 см-ге жетеді, кейбір жылдары қардың биіктігі 40 см-ге жетуі мүмкін.

Қараша айында желдің күшеюі байқалады, бұл бұрқасынның пайда болуына ықпал етеді. Солтүстік облыстарда қарлы бұрқасын болатын тәуліктің орташа саны 3-7 күнді, ал жекелеген жылдары 13-18 күнді құрауы мүмкін, бірақ бұрқасын кей жылдары мүлдем болмауы мүмкін. Оңтүстік аймақтарында бұл құбылыс сирек кездеседі, 10 жылда орта есеппен 1-2 жағдай тіркеледі.

Қазақстан аумағында тұманмен тәулік саны орта есеппен 2-6 тәулікті құрайды, таулы аудандарда тұман жиі - айына 8 тәулікке дейін жетеді.

Найзағай - бұл оңтүстік үшін де сирек кездесетін құбылыс, 10 жылда 1-2 рет. Республиканың оңтүстігінде бұршақтың жаууы 25 жылда 1 рет байқалады.


**Қараша айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні.
(норма 1991-2020 жж.)**

Облысы	ауа температурасы, °C	жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан облысы	-2,3...+0,6	15...29
Атырау облысы	-1,1...+2,0	10...18
Маңғыстау облысы	+0,8...+6,3	11...22
Ақтөбе облысы	-0,8...-4,7	15...33
Қостанай облысы	-3,1...-6,3	13...27
Солтүстік Қазақстан облысы	-5,9...-7,2	21...36
Ақмола облысы	-5,2...-7,1	18...33
Астана қ.	-5,2	29
Павлодар облысы	-4,9...-6,8	16...23
Қарағанды облысы	-1,6...-4,6	13...25
Ұлытау облысы	-1,0...-6,9	9...34
Абай облысы	-1,4...-6,7	13...65
Шығыс Қазақстан облысы	-3,3...-7,8	20...51
Қызылорда облысы	-0,6...+3,4	12...25
Түркістан облысы	+0,6...+6,6	15...82
Шымкент қ.	+6,1	74
Жамбыл облысы	+0,2...+3,6	13...49
Алматы облысы	-5,4...+3,1	14...67
Алматы қ.	+2,9	55
Жетісу облысы	-5,2...+4,3	11...76


2024 жылдың қараша айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

Қараша айында ауаның орташа температурасы республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Батыс Қазақстан облысының солтүстік - батыс жартысында *нормадан 1° жоғары*, Түркістан, Жетісу облысы, Шығыс Қазақстан, Абай облыстарының оңтүстік-шығысында, Жамбыл және Алматы облыстарының оңтүстігінде *нормадан 1° төмен* болады деп күтілуде.

2024 жылдың қараша айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы




Қараша айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма 1991-2020 жж.)




2024 жылдың қараша айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Қараша айында жауын-шашын мөлшері Қазақстан аумағының басым бөлігінде *норма шамасында*, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарында, Атырау және Ақтөбе облыстарының солтүстік-батысында, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарының шығысында, Шығыс Қазақстан мен Абай облыстарының қиыр солтүстігінде *нормадан көп*, еліміздің оңтүстік жартысында және Қарағанды мен Ұлытау облысының қиыр оңтүстігінде *нормадан аз* болжанады.

2024 жылдың қараша айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Қараша айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма 1991-2020 жж)



2024 жылдың қараша айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы








Ауаның орташа айлық температурасы республиканың басым бөлігінде және оңтүстік-шығыс тау және тау бөктеріндегі аудандарда $-1-9^{\circ}\text{C}$, еліміздің оңтүстік және оңтүстік-батыс жартысында $0,+5^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде.

2024 жылдың қараша айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы




2021 жылға ұқсас.


2024 жылғы қараша айына арналған Қазақстан облыстары бойынша ауа райы кестесі




Абай облысы




Шығыс Қазақстан облысы




Қызылорда облысы




Түркістан облысы




Жамбыл облысы



Алматы облысы



Жетісу облысы



Шартты белгілер:

- | | | | | | |
|--|--|--|---------------------------------------|--|---------------------------------------|
| | кей жерлерде жауын-шашын | | қар | | бұрқасын |
| | аздаған жауын-шашын | | нөсерлі қар | | дауып |
| | қар аралас жаңбыр | | жаңбыр | | Кей жерлерде желдің 15-20 м/с күшейуі |
| | ылғалды нөсерлі жаңбыр | | Кей жерлерде желдің 15-20 м/с күшейуі | | |
| | нөсерлі жаңбыр | | | | |
| | шанды дауыл | | | | |
| | көк тайғақ | | | | |
| | тұман | | | | |
| | бұрқасын | | | | |
| | көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы | | | | |
| | түнгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | күндізгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы | | | | |

Қазақстан облыстары бойынша 2024 жылғы қараша айына консультативтік ауа райы болжамы

Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық ауа температурасы $-1,6+1,3^{\circ}\text{C}$, яғни облыстың солтүстік-батысында *нормадан 1°C жоғары*, облыстың оңтүстік-шығыс жартысында *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: $-2,3+0,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан*, облыстың оңтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін*, облыстың оңтүстік-шығысында -5°C -қа дейін, *күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* жоғарылайды деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$, күндіз $-1-6^{\circ}\text{C}$* дейін біртіндеп төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылауы ықтимал.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін*, облыстың оңтүстігінде -15°C -қа дейін, *күндіз $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$* дейін, *күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$* дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 15-28 мм).

Жауын - шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) жиі бір ай ішінде, қар екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында болжанады. Көктайғақ екінші және үшінші онкүндіктердің соңында болуы мүмкін. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында болжануда. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің бірінші жартысында күтіледі.



Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-0,3+2,3^{\circ}\text{C}$, норма шамасында болады деп күтілуде (норма: $-1,1+2,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында -3°C -тан -10°C -қа дейін, *күндіз* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың орталығында $+17^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың шығысында -3°C , *күндіз* $+7+12^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың батысында $+15^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-2-7$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-4-9^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-3+2^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $+7+12^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-6-11^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстік-шығысында -16°C -қа дейін, *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың шығысында -8°C дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $-1-6^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік-батысында *нормадан көп*, оңтүстік-шығыста *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 10-18 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің бірінші жартысында күтіледі. Көктайғақ екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында, тұман бірінші, екінші онкүндіктердің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші, екінші онкүндіктердің ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+0,9+5,8^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $+0,8+6,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында -8°C , күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың батысында $+11^{\circ}\text{C}$, күндіз $+9+14^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың батысында $+17^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -10°C -қа дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз болады деп күтілуде (норма: 10-22 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - бірінші онкүндіктің соңында, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің ортасында болады деп күтілуде. Тұман үшінші онкүндіктің басында болжанады. Жел 15-20 м/с және шаңды дауыл бір ай ішінде жиі күтіледі.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-0,7-4,8^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-0,8-4,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -14°C -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-1-6^{\circ}\text{C}$ -тан $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -17°C , күндіз $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -11°C -қа дейін біртіндеп төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасы түнде $-4-9^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп болжанады.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $-3+2^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде $+5^{\circ}\text{C}$, күндіз $+2+7^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстікте $+11^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасы түнде $-12-17^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі ықтимал. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың солтүстік-батысында нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 15-33 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндікте, қар екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін. Көктайғақ үшінші онкүндіктің басында болжанады. Бұрқасын екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында болжануда. Шанды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-3,3-6,7^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-3,1-6,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстік-батысында $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-1-6^{\circ}\text{C}$ -тан $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-1+4^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-14-19^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 13-27 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында, қар жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің бірінші жартысында күтіледі. Тұман бірінші және екінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Көктайғақ үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Бұрқасын екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-6,5-7,9^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-5,9-7,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында -4°C -тан $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $-2+3^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+3+8^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендейді деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан $-14-19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-батысында -24°C , күндіз $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстік-батыста -16°C -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$, күндіз $-4-9^{\circ}\text{C}$ дейін төмендейді деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың шығысында нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 21-36 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында, қар екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында болуы мүмкін. Жел $15-20$ м/с, бұрқасын жиі бір ай ішінде күтіледі.



Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-5,6-7,6^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-5,2-7,1^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында -20°C -тан, күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстік-батысында -7°C , күндіз $+4+9^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$, күндіз $-9-14^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-1+4^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында -23°C -қа дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың шығысында нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 18-33 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің бірінші жартысында, қар бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің басында болжанады. Тұман айдың ортасында және соңында болуы мүмкін. Жел $15-20\text{ м/с}$, бұрқасын бір ай ішінде жиі күтіледі.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-5,4-7,6^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-4,9-6,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ -тан $-14-19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-батысында -10°C -қа дейін, күндіз $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде -9°C -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 16-23 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында, қар екінші онкүндіктің екінші жартысында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Көктайғақ-бірінші онкүндіктің ортасында болжануда. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел $15-20$ м/с бірінші және екінші онкүндіктердің басында, жиі айдың екінші жартысында күтіледі.



Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-2,2-4,8^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-1,6-4,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -17°C , күндіз $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан, солтүстік-шығыста $+4^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында $+4^{\circ}\text{C}$ төмендейді деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-12-17^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстік-шығысында -22°C , күндіз $-6-11^{\circ}\text{C}$, солтүстік-шығыста -15°C дейін біртіндеп төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-2+3^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+3+8^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды, содан кейін ауа температурасының түнде $-11-16^{\circ}\text{C}$ дейін, солтүстік-шығыста -19°C , күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде -1°C дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $-6-11^{\circ}\text{C}$, күндіз $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың қиыр оңтүстігінде нормадан аз болады деп күтілуде (норма: 13-25 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында, қар екінші онкүндіктің соңында болжануда. Тұман үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Бұрқасын екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің бірінші жартысында болжанады. Жел $15-20$ м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-1,8-6,7^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, *норма шамасында* (норма: $-1,0-6,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -5°C , *күндіз* $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $-12-17^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $-6-11^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында -19°C -қа дейін, *күндіз* $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың қиыр оңтүстік жартысында *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 9-34 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Көктайғақ - үшінші онкүндіктің басында болжануда. Тұман бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші, үшінші онкүндіктердің басында болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші және екінші онкүндіктердің басында, екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында күтіледі.



Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-2,2-7,9^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-шығысында *нормадан 1° төмен* (норма: $-1,4-6,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстардың оңтүстігінде $+6^{\circ}\text{C}$ -тан $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында -14°C -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-1-6^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* $-1-6^{\circ}\text{C}$ -тан $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-4+1^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-9-14^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың шығысында -19°C , *күндіз* $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде $+2^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстігінде *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 13-65 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында, қар екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі.



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Ауаның орташа айлық температурасы $-4,5-9,1^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-шығысында *нормадан 1° төмен* (норма: $-3,3-7,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан $-16-21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында -13°C -тан, *күндіз* $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстік-шығысында -2°C -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-6-11^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстік-шығысында -16°C , *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп көтеріледі деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-15-20^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың орталығында -12 , *күндіз* $-9-14$ дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $-12-17^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $-6-11^{\circ}\text{C}$ дейін төмендейді деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың қиыр солтүстігінде *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 20-51 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктің ортасында, қар екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Көктайғақ - үшінші онкүндіктің ортасында болжануда. Тұман екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Бұрқасын бірінші онкүндіктің ортасында, екінші, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Қызылорда облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $-0,7+2,5^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-0,6+3,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында -11°C , күндіз $+9+14^{\circ}\text{C}$ -тан $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстік-шығысында $+14^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде -12°C , күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде $-2+3^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+3+8^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде -15°C , күндіз $-4+1^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-4-9^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-4+1^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі болуы мүмкін. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-4+1^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, облыстың солтүстік-батысында норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 12-25 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман екінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Шаңды дауыл бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында болжануда. Жаяу бұрқасын екінші онкүндіктің соңында болады деп болжануда. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Түркістан облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $+0,2+5,9^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-шығысында *нормадан 1° төмен* (норма: $+0,6+6,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында -3°C -тан $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында -10°C -тан, *күндіз* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан, оңтүстік-шығыста $+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында -1°C дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аймақтарында -3°C -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ -тан, *күндіз* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте $+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+10^{\circ}\text{C}$ дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында -10°C -қа дейін, *күндіз* $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+4+9^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $0,-5$ -қа, облыстың батысында -10°C дейін, *күндіз* $+1+6^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+11^{\circ}\text{C}$ төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $+5+10^{\circ}\text{C}$ дейін, тау және тау бөктеріндегі аудандарда *түнде* -5°C , *күндіз* 0°C дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 15-82 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында, шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, жаяу бұрқасын екінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі.



Жамбыл облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $-0,6+2,9^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстігінде нормадан 1° төмен (норма: $+0,2+3,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында -17°C -тан, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $+17$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа, тау және тау бөктеріндегі аудандарда -11°C дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында температураның түнде $-3+2^{\circ}\text{C}$ дейін, тау және тау бөктеріндегі аудандарда -8°C , күндіз $+3+8^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында -3°C -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстік-батыста $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында түнде -11°C , күндіз -5°C -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында -3°C -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-4+1^{\circ}\text{C}$ дейін, тау және тау бөктеріндегі аудандарда түнде -14°C , күндіз -8 -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-2+3^{\circ}\text{C}$, күндіз $+2+7^{\circ}\text{C}$, тау және тау бөктеріндегі аудандарда түнде -7°C , күндіз -3°C дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз болады деп күтілуде (норма: 13-49 мм).

Қар бірінші онкүндіктің ортасында, жауын - шашын (жаңбыр, қар) екінші және үшінші онкүндіктің ортасында, жаңбыр үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Көктайғақ - үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Жаяу бұрқасын бірінші, екінші онкүндіктің ортасында, тұман бірінші, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с айдың әр онкүндігінің ортасында күтіледі.



Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-6,4+3,3^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстігінде *нормадан 1°C төмен* (норма: $-5,4+3,1^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+9+14^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін*, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында *түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан -20°C -қа дейін, күндіз $-1+4^{\circ}\text{C}$ -тан -14°C -қа дейін* төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін*, облыстың орталығында $+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, тау және тау бөктеріндегі аудандарда -14°C -қа дейін, күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа*, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында -8°C дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$ дейін* жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-4+1^{\circ}\text{C}$ дейін*, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында *түнде -15°C дейін, күндіз -9°C дейін* төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін* жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 14-67 мм).

Жауын - шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында, қар бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, тұман бірінші онкүндіктің ортасында, екінші және үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің және үшінші онкүндіктердің ортасында күтіледі.



Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-6,2+2,8^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-шығыс жартысында *нормадан 1°C төмен* (норма: $-5,2+4,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында -3°C -тан -21°C -қа дейін, *күндіз* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстік-шығыста -1°C -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында -7°C -тан -14°C -қа дейін, *күндіз* $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $+14^{\circ}\text{C}$ -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $+6+11^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың орталығында $+16^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-6-11^{\circ}\text{C}$ дейін, тау және тау бөктеріндегі аудандарда -16°C , *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 11-76 мм).

Жауын-шашын (жаңбырдың жылбысқы қарға ұласуы) екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында күтіледі, қар бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында, тұман үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің және үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz